

Айжан Дуйсенбаевна Серикбаеваның
«6D021300 – Лингвистика» (2017-2020) мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін «Виртуалды
коммуникациядағы тілдік жаңартпалар: кодификациялау және
лексикографиялау» атты диссертациясына
ғылыми жетекшінің

П І К І Р І

Қазіргі кезде отандық, шетелдік, соның ішінде ресейлік ғалымдардың көбі виртуалды коммуникацияны тілдің ерекше қолданыс аясы ретінде бағалауы орын алып отыр. Мұндай концепция аясында виртуалды коммуникация ауызша және жазба сөз формасына қарама-қарсы қойылып, олардан өзіндік ерекшеліктерін анықталып отыр. «Виртуалды коммуникация – ауызша сөз», «виртуалды коммуникация – жазба сөз» оппозицияларында виртуалды коммуникацияның сөздің екі формасына да қатысы жоқ өзіндік тың ерекшеліктері анықталып отыр. Осы тұрғыдан алғанда бұл аядағы, яғни виртуалды кеңістіктегі тілдік қарым-қатынаста туындап отырған әртүрлі жаңартпаларды (инновацияларды) зерттеу объектісі ретінде алып, тілтанымдық ой елегінен өткізу өзекті мәселелердің бірі.

Диссертациялық жұмыста тілдік жаңартпалардың барлығы емес, негізінен лексика-семантикалық қана түрлері объект ретінде алынды. Оның өзінде де бұл жаңартпалар кодификациялау мен лексикографиялау тұрғысынан қарастырылды. Қазақ тіл ғылымында неологизмдердің кодификациялануына, лексикографиялануына арналған ізденістер көп, алайда виртуалды коммуникациядағы жаңартпалар қалай кодификациялануы керек, оларды лексикографиялау әдістері қандай болмақ деген зерттеу саны аздық етеді деуге болады. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзекті болып табылады деп санаймыз.

Диссертацияда виртуалды коммуникация – интернет немесе басқа желілік технологиялар арқылы жүзеге асырылатын байланыс түрі. Виртуалды коммуникацияның өзіндік ерекшеліктері мен инновациялары болады, бұлар оны дәстүрлі қарым-қатынас формаларынан ерекшелендіреді. Қазіргі адам баласының өмірі екі кеңістікте өтіп жатқаны ақиқат. Бірі реалды болса, екіншісі виртуалды кеңістік. Соған қарай оның тілдік қызметі де екі кеңістікте жүзеге асып жатыр. Демек виртуалды кеңістіктегі тілмен реалды кеңістіктегі тілді бірлікте қарауға тура келеді. Егер виртуалды кеңістік реалды кеңістіктің проекциясы деп қана танитын болсақ, онда кейбір анықталған тың білімдердің орны табылмай қалады немесе виртуалды кеңістікті реалды кеңістікке паралель жүйе ретінде

танысақ та кейбір білімдердің нақты сол теория ішіндегі орны белгісіз болып қалады, сондықтан да виртуалды және реалды кеңістіктердің әлі күнге дейінгі өзара қатынасы олардың орны толық зерттеліп болған жоқ екені анық. Бірақ соған қарамастан тілімізде көптеген жаңартпалар тек қана виртуалды коммуникацияда туындап, сол жерде орнығып, сонан кейін барып реалды коммуникацияның қолданысына айналып отырған фактілер бар екендігі ақиқат. Осы жаңартпалар лексикографиялық еңбектерде қалай берілуі тиіс, оларды жазба және ауызша тілде қолданған кезде қандай нормаға сәйкес таңбалауымыз немесе дыбыстауымыз керек деген мәселелердің алғашқы шешімдерін осы диссертациялық жұмыс беріп отыр. Қазіргі орфографиялық сөздікте тіркелмеген виртуалды коммуникациядағы жаңартпалардың қазіргі қолданыстағы орфограммалары жинақталып, орфографиялық сөздіктегі нормасына ұсыныс берілді. Мысалы:

Р/с	Нормаға түскен атау	Орфограммалары	
		1	2
1.	акаунт	аккаунт	
2.	блогер	блоггер	блогэр
3.	дайрект	директ	
4.	инстаграм	инстаграмм	инста
5.	инфосыған	инфоциган	инфоцыган
6.	пікір	комментарий	коммент
7.	рум-тур	румтур	
8.	тренд	трэнд	
9.	треш	трэш	
10.	фешн-блогер	фэшн блогер	фэшн-блогер
12.	хештег	хештэг	хэштег
13.	гайд	гид	

Сол сияқты жаңартпаларды лексикографиялауда қазақ лексикология саласындағы тың ізденістерді негізге ала отырып және де үлкен біртөмдік түсіндірме сөздікпен Онбестөмдік «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» тәжірибелерін қолдану ұсынылды. Мұндай жаңартпаларды сөздіктерге

берген кезде әрбір лексикалық бірлікке қатысты мейлінше жан-жақты ақпаратты көрсеткен абзал. Мысалы, ақпараттың мынадай түрлері қамтылуы тиіс. Біріншіден, энциклопедиялық, яғни осы сөз қатысты сала туралы белгіленім қойылады, екіншіден, интеллектуалдық, яғни осы сөздің дефинициясы беріледі, үшіншіден, коммуникативтік, яғни бұл сөздің жағымды, жағымсыз, экспрессиялық, эмоциялық мағынасы болса, коммуникация барысындағы оның маркері стилистикалық белгіленім арқылы көрсетіледі, төртіншіден, этимологиялық, яғни сөздің шығу төркіні туралы ақпарат беріледі, бесіншіден, грамматикалық, яғни сөздің қай сөз табына жататыны туралы лингвистикалық белгіленім көрсетіледі. Міне, осы аталған алуан түрлі және бұдан да басқа ақпарат көрсетілсе, бұл виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды лексикографиялаудың тиімді жолы болмақ. Аталған мәселе диссертацияның бір тұжырымы ғана болып табылады. Пікірімізде біз диссертацияның ең өзекті деген шешімдерін мысал ретінде келтірдік. Диссертациялық жұмыста ізденуші басқа да тың нәтижелерге қол жеткізген. Зерттеудің тағы бір ерекшелігі оның әдіснамалық негіздерінің кеңдігі, яғни диссертант өз тұжырымдарын, қорытындыларын жасау үшін шетелдік, отандық зерттеулерге кеңінен талдау жасаған. Осы айтылғандардың негізінде жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы айқын көрінеді.

А.Д. Серикбаеваның «6D021300 – Лингвистика» (2017-2020) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар: кодификациялау және лексикографиялау» атты диссертациялық жұмысын аяқталған дербес зерттеу жұмысы деп бағалап, қорғауға ұсынуға болады деп есептейміз.

Отандық ғылыми кеңесші,
филол.ғ.к.



А.М. Фазылжанова	
(аты-жөні)	
қолын қуәландырамын	
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» РМК Персоналды басқару,	
құжаттамамен қамтамасыз өту және	
бақылау бөлімі	
«_____»	20__ ж.